

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1737

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған республикалық бюджеті орындауға қабылдансын: 1-қосымшаға сәйкес, кірістер бойынша 186668929 мың теңге, ресми трансферттер бойынша алынған - 922000 мың теңге, шығыстар бойынша - 228877075 мың теңге, таза несие беру бойынша 22387852 мың теңге, республикалық бюджет тапшылығының шекті мөлшері - 63673998 мың теңге сомасында немесе жалпы ішкі өнімнің 3,66 проценті.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен. Р 9 7 1 0 8 8 _

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдары мен басқа да мемлекеттік органдар 1997 жылдың 20 қаңтарына дейін әр айға шаққандағы қаржы бөлінсін белгіленген үлгі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырысын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі экономика министрлігімен бірлесіп, 1997 жылдың 20 ақпанына дейін облыстардың бюджеттеріне трансферттер берудің тетігі туралы, сондай-ақ республикалық бюджеттің арнайы экономикалық аймақтары бар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті бюджеттерімен өзара қарым-қатынасының тәртібі туралы ұсыныстар әзірлеп Үкіметке ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесе отырып, 1997 жылдың 10 ақпанына дейін жаңа бюджет жіктемесіне сәйкес жергілікті бюджеттерге арналған бухгалтерлік есеп пен есептілік нысандарын әзірлеп, бекітсін және оны қаржы жүйесінің жергілікті органдарына жеткізсін. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджет банкі 1997 жылдың қаңтарынан бастап жаңа бюджеттік жіктеме бойынша жергілікті бюджеттерге кезең-кезеңмен қызмет көрсетуге кіріссін, оған көшуді 1997 жылдың маусымында аяқтайтын болсын.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері 1997 жылға арналған жергілікті бюджетті түзу мен орындауды жаңа бюджеттік жіктеме бойынша қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп және Ұлттық Банкімен келісе отырып, 1997 жылдың 1 ақпанына дейін республикалық және жергілікті бюджеттердің кірісіне салық пен басқа да міндетті

төлемдерді аударудың кезектілік тәртібін әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті, Кеден комитеті 1997 жылдың 1 ақпанына дейін Республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларының кірісі бөлігін орындау жөніндегі салық және кеден органдарының іс-қимыл бағдарламасын әзірлеп Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Материалдық резервтер жөніндегі мемлекеттік комитеті Мемлекеттік Салық комитетімен және Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитетімен бірлесе отырып 1997 жылдың 15 ақпанына дейін мемлекеттік резервтен тауар-материалдық құндылықтар алған ұйымдардың берешектерін республикалық бюджеттің кірісіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, м ә ж б ү р л е п қ а й т а р ы п а л с ы н .

8. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтар сату кезінде қалыптасқан бағалар бойынша алынған материалдық құндылықтардың құны республикалық бюджеттің кірісіне төленгеннен кейін құндылықтар босатылатын болып белгіленсін. Мемлекеттік резервтен материалдар ұйымдардың мұқтажы үшін қайтару шартымен босатылған кезде алушылар қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне тауар несиесін пайдаланған кезеңдегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша өсім төлейді.

9. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Республикалық мемлекеттік пошта байланысы кәсіпорны, аймақтық темір жол басқармалары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқарушы мекемелері үшін заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша есеп айырысудың орталықтандырылған тәртібі сақталсын.

10. Қазақстан Республикасында салықтық қатынастарды реттейтін кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2367 Заң күші бар Жарлығының 2-тармағына сәйкес "Жер қойнауын қорғау және минерал-шикізат базасын қалпына келтіру жөніндегі Республикалық қор құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 407 қаулысының негізінде Жер қойнауын қорғау және минерал-шикізат базасын қалпына келтіру жөніндегі Республикалық қорға бұрын төлемдер жасаған жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ "Мұнайға, газға және көмірге тіркелген (ренталық) төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 маусымдағы N 764 қаулысының негізінде жер қойнауын пайдалануға шарт жасалғанға дейін тіркелген (ренталық) төлемдер төлеген жер қойнауын пайдаланушылар жоғарыда аталған қаулыларда белгіленген мөлшер мен жағдайларда республикалық бюджеттің кірісіне аударымдар жасайды. Жер қойнауын

пайдаланушылар қайта ұйымдастырылған жағдайда жер қойнауын пайдалануға шарт жасалғанға дейін бұрын тіркелген(ренталық) төлемдер төленіп келген кен орындарын пайдалануға немесе иеленуге алған заңды және жеке тұлғалар оларды белгіленген тәртіп бойынша төлей береді.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қорғаныс министрлігімен, басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып Ресей Федерациясының тиісті мемлекеттік органдарымен, олардың 1996 жылы 18 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылған республика аумағындағы сынақ полигондарын жалға алу туралы үкіметаралық келісімнің шарттарын толық көлемде орындауы және " Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының толық түсуі мәселесі жөнінде қажетті жұмыстар жүргізсін.

12. 1997 жылы Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің консулдық алымдарынан түсетін түсімдер республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес пайдаланылады деп белгіленсін.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа ұйымдардың мүліктерін қалыптастыруға мемлекет қаражаты үлестік қатыстырылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша табыстардың үстіміздегі жылдың әрбір тоқсанындағы қызмет қорытындысы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлемдердің бюджетке түсуін қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088

қаулысымен.

14. Мемлекет меншігін жекешелендіруден алу көзделген қаражаттың бюджетке түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, 1997 жылы жеке жобалар бойынша жекешелендіруге тиісті объектілердің тізбесін бір ай мерзім ішінде Үкіметтің бекітуіне енгізсін.

15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылдың 1 ақпанына дейін бұрын мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктер құрған бірлескен кәсіпорындардың жарғылық қорындағы мемлекеттік үлесті анықтасын және бірлескен кәсіпорындардың құрылтайшы құжаттарын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтірсін.

16. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті акцияларының мемлекеттік пакетін сенімді басқаруға, мемлекеттік мүлікті жалға немесе концессияға беру контрактілерінің шарттарында, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды қайта ұйымдастыру мен жекешелендіру кезінде жаңа меншік иесінің немесе концессионердің акционерлік қоғамның немесе мемлекеттік кәсіпорынның (ұйымның) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдердің сақтап қалуы міндеттемелерін көздейтін болсын.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088

қ а у л ы с ы м е н .

17. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің астықтың мемлекеттік сақтық және жұмылдыру қорларын жасауға Азық-түлік контракт корпорациясы жабық үлгідегі акционерлік қоғамының 1994-1995 жылдардың өнімінен мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуға жұмсалған 2580000 мың теңге мөлшеріндегі қаржыны қайтару жөніндегі республикалық бюджетке берешегінің қалдығын жұмсау туралы ұсынысы қабылдансын.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді, 2-ші абзац алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен.

18. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиісті мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар (Әлеуметтік сақтандыру қоры, Зейнетақы қоры, Міндетті медициналық сақтандыру қоры, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры, Жол қоры) бюджеттерінің атқарылу барысы туралы есеп беретін болсын және баспасөзде осы қорлардың кірісі мен шығысы жөніндегі біріктірілген көрсеткіштерді жарияласын.

19. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 1 ақпанына дейін "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қорғалатын ерекшеліктері бойынша шығыстарды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етуді ескере отырып, 1997 жылға арналған шығыстарды секвестрлеу тетігі туралы ұсыныс әзірлеп, Үкіметке ұсынсын.

20. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

Тиісті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ ұйымдармен келісе отырып, "Занды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 шілдедегі N 844 қаулысымен бекітілген, "Занды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің

бағдарламасына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына белгіленген тәртіппен қабылдауды қамтамасыз етсін және 1997 жылдың 1 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырушы ұйымдарды көрсете отырып қабылданатын объектілердің тізбесін ұсынсын;

1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджеттік қаржыға сәйкес белгіленген тәртіппен Көлік және коммуникациялар министрлігі жүйесінің орталықтандырылған бухгалтерияларын қоса алғанда, ауруханаларын, мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелерін, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, мектептері мен мектептен тыс жұмыстар мекемелерін, сондай-ақ уран саласы кәсіпорындарының дәрігерлік-санитарлық бөлімшелерін, республиканың бірқатар министрліктерінің мектепке дейінгі балалар мекемелерін, арнаулы орта оқу орындарын және балалармен мектептен тыс жұмыс жүргізу мекемелерін 2-6-қосымшаларға сәйкес қабылдасын және олардың тиісті түрде жұмыс істеуі мен уақтылы қаржыландырылуын қамтамасыз ете отырып, бұл мекемелерде оңтайландыру жұмыстарын жүргізсін;

1997 жылы 7-қосымшаға сәйкес бөлімше ауруханаларының темір жол басқармаларына функционалдық бағыныстылығы сақталып, олар бұл мекемелердің қызметкерлеріне бұрын берілген жеңілдіктерді ескере отырып, осы мекемелерге материалдық-техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етсін;

8-қосымшаға сәйкес темір жолдардың медициналық ұйымдарында қызмет көрсетілетіндерді қоса алғанда, халықтың жұмыс істемейтін бөлігі үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының бөлімшелеріне сақтандыру төлемдерін толық әрі уақтылы аударуды қамтамасыз етсін.

21. Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, 1997 жылдың 1 ақпанына дейін берілетін әлеуметтік сала ұйымдарының жұмыс істеу тәртібін әзірлесін.

22. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жүйесінің санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарын және Әуе көлігіндегі орталық санитарлық-эпидемиологиялық қызметін уақтылы қаржыландыра отырып, 1997 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша белгіленген тәртіппен қ а б ы л д а п а л с ы н ;

осы мекемелердің тиісті түрде жұмыс істеуін ескере отырып, оларды оңтайландыру бағдарламасын әзірлеп, бекітсін;

оңтайландыру бойынша алдын-ала жүргізілген шараларды ескере отырып, 1997 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне көліктің барлық түрлері үшін бірыңғай мамандандырылған санитарлық-эпидемиологиялық қызмет құру т у р а л ы ұ с ы н ы с е н г і з с і н .

23. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі:

"Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтарды бөлшек саудамен сатуды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1338 қаулысының талаптарына сәйкес, 1997 жылдың 1 наурызына дейін аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларын, интернат мекемелері мен балалар үйінің тәрбиеленушілерін мектеп оқулықтармен тегін және жеңілдікті қамтамасыз етудің тәртібі мен шарттарын әзірлеп, бекітсін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар басқа да министрліктермен келісе отырып, 1997 жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде жоғары оқу орындарының студенттері мен арнаулы орта оқу орындарының (колледждердің) оқушыларына стипендия тағайындау мен төлеудің және материалдық қамтамасыз етудің бірыңғай тәртібін әзірлеп, бекітсін.

24. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және басқа да мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып, 1997 жылдың 1 ақпанына дейін қайтарымды негізде республикалық бюджеттің қаражатынан инновациялық бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін әзірлеп, бекітсін;

ғылыми зерттеулерге қаржы бөлуді жалпы мемлекеттік маңызы бар іргелі және қолданбалы зерттеулерге деген мемлекеттік тапсырыс шеңберінде тек конкурстық негізде жүргізетін болсын.

25. 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін бекітілген еңбекақы төлеу қорының шегінде Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына бағынысты ғылыми ұйымдар, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы үшін еңбек ақы ставкасына 1,75 көтерме коэффициенті, ал 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақ мемлекеттік басқару академиясының, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің, Қазақ мемлекеттік заң университетінің, Қазақ ұлттық мемлекеттік техникалық университетінің, Қазақ сәулет-құрылыс академиясының қызметкерлеріне еңбек ақы ставкасына 1,75 көтерме коэффициенті және Президент жанындағы Мемлекеттік Басқарудың Ұлттық Жоғары Мектебінің қызметкерлеріне 2 көтерме коэффициенті сақталсын.

Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы, Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Президент жанындағы Мемлекеттік Басқарудың Ұлттық Жоғары Мектебі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін бұрын белгіленген дербес көтерме коэффициенттерді жоюды ескере отырып, жоғарғы оқу орындарының, кітапханалар мен ғылыми мекемелердің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің тәртібі мен шарттарын әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі 1997 жылдың 14 наурызына дейінгі

мерзімде мемлекеттік жоғарғы оқу орындарына санаттар беру туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақтың 1 абзацынан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.06.17. N 982 қаулысымен. P970982_

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен. P971088_

26. Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің әлеуметтік қорғаудың жобасын одан әрі іске асыру жөніндегі жұмысты істеуге облыстар бюджеттерінің шығыстар бөлігінде көзделген қаражат есебінен тиісінше 26649 мың теңге және 37628 мың теңге сомасында уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, жалғастырсын.

27. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі :

облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен келісе отырып 1997 жылдың 1 наурызына дейін облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларға шаққандағы 1997 жылдағы иммиграция квотасы жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс е н г і з с і н ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика және сауда министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Әділет министрлігімен бірлесе отырып 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бақытсыз жағдайдан және кәсіби аурудан зардап шеккен қызметшілерге зиянның орнын толтыру мәселелері жөніндегі заңдық және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру туралы ұсыныс енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен .

28. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды тиісті жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды, оның ішінде аз қамтылған отбасыларына тұрғын үй жәрдемақыларын төлеуді және көші-қон шараларын қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

29. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен б і р л е с е о т ы р ы п :

1997 жылдың 1 ақпанына дейін "Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 17 маусымдағы N 3037 Жарлығының 5, 6, 11 және 12-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысының орнын толтыру тәртібін әзірлесін;

1 ақпанға дейін аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын төлеуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібін әзірлесін;

1997 жылдың 1 сәуіріне дейін көп балалы отбасыларына осы мақсаттар үшін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарына жергілікті бюджеттер бөлетін қаражат есебінен жәрдемақылар мен өтемақылардың барлық түрін төлеу тетігі жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Үкіметке енгізісін.

30. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен келісе отырып, 1997 жылдың 15 наурызына дейін азаматтардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тегін заңгерлік көмек алу жөніндегі құқықтарын іске асыруға байланысты шығыстарды республикалық бюджет қаражаты есебінен жабудың тәртібін әзірлеп бекітсін.

31. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұ л т т ы қ а г е н т т і г і :

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1997 жылдың 1 ақпанына дейін мемлекеттік телерадиохабарларын тарату жөніндегі байланыс қызметін қаржыландыру тәртібі туралы ұ с ы н ы с т а р т а п с ы р с ы н ;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1997 жылдың 1 ақпанына дейін телерадиохабарлардың, оның ішінде "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиоқешені" мемлекеттік мекемесі бойынша мемлекеттік бағдарламаларының көлемі бойынша осы мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген бюджеттік қаржының шегінде ұ с ы н ы с т а р ж а с а л с ы н ;

1997 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынылған газеттер мен журналдарға, мемлекеттік, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар әдебиетті басып шығару бойынша қолдау көрсетсін және оларды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

32. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі:

1997 жылдың I тоқсаны ішінде республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мәдени-ағарту мекемелері мен театр ойын-сауық ұйымдары жүйесін оңтайландыруды ж ү р г і з с і н ;

мүдделі мемлекеттік ұйымдармен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып, 1997 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Мұхтар Әуезовтың туғанына 100 жыл толуын мерекелеуге байланысты мерейтой шараларын өткізуге және Түркістан қаласының 1500 жылдығын мерекелеуге дайындыққа кететін шығыстардың осы мақсаттар үшін республикалық бюджетте көзделген қаржы шегіндегі бірыңғай сметасын ұсынсын.

10-қосымшаға сәйкес 1997 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша белгіленген тәртіппен кейбір министрліктер мен ведомстволардың мұражайларын белгіленген

тәртіппен қабылдасын және олардың уақтылы қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

33. Қазақстан Республикасының Жастар, туризм және спорт істері жөніндегі министрлігі 1997 жылдың 15 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне II Орталық Азия ойындарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін халық спортының I ашық ойындарын, Шығыс Азия ойындарын өткізуге және "Оқжетпес" республикалық жастар лагерін ұстауға және олимпиадалық әзірлік базаларын күрделі жөндеуге шығыстар сметасын ұсынсын.

34. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық бюджетте әкімшілік шығыстарға көзделген қаржы шегінде министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін орталық атқарушы органдарға, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарға шаққандағы еңбек ақы төлеумен іссапар шығыстар қорының лимитін ұсынсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті мемлекеттік органдардың жабдықтар алуға, ғимараттар мен үй-жайларды күрделі жөндеу мен қайта жасауға алған қаржылардың дұрыс жұмсалуына бақылауды жүзеге асырсын. Тексеру нәтижелері туралы 1997 жылдың 1 шілдесіне және 1 желтоқсанына қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндап отырсын.

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088

қ а у л ы с ы м е н .

35. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1997 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 11-қосымшаға сәйкес ішкі істердің облыстық, қалалық және аудандық басқармаларының (бөлімдерінің) барлық функционалдық және құрылымдық бөлімшелерін штаттық санымен жергілікті бюджеттердің ұстауына берсін

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикалық бюджеттен берілетін ішкі істер органдарының функционалдық және құрылымдық бөлімшелерін штат санымен қабылдауды, сондай-ақ оларды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

36. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға кіруі туралы шешім Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен белгіленген заң тәртібімен алдын ала келісілгеннен кейін қабылданады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі халықаралық ұйымдарға жарналар төлеуге арналған қаражатты бөлуді осы мақсаттар үшін республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі Сараптама кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырсын.

37. Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылдың 15 ақпанына дейін республикалық

бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен 1997 жылы жүргізілетін жерге орналастыру және жер реформасын іске асыру шаралары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен алдын ала келісіп, ұсыныс енгізісін.

38. Радиоэкология, экологиялық аудандастыру және қоршаған табиғи ортаның ластануы туралы экологиялық органдарға гидрометеорологиялық ақпарат беруді қоса алғанда, республикалық және аймақаралық табиғат қорғау шараларын 1997 жылдан бастап Республикалық табиғат қорғау қоры қаражатының есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

39. Көзделген бюджеттік қаржы шегінде 1997 жылдың 1 наурызына дейін: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мал дәрігерлігі, ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының сапасына бақылау жасау және өсімдіктер карантині жөніндегі ведомстволық бағыныстағы бюджеттік мекемелердің құрылымын оңтайландыру жүргізісін;

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті бассейндік су шаруашылықтары бірлестіктері мен су ресурстары жөніндегі облыстық комитеттер қызметкерлерінің санын қысқарту есебінен ведомстволық бағыныстағы бюджеттік ұйымдардың құрылымын тәртіпке келтіруді жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы Алматы қаласында және Алматы облысында гидрометеорологиялық ақпарат жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыратын бюджеттік мекемелерді қайта ұйымдастыруды жүргізісін.

40. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып жаңа тұрғын үй саясатының шараларын және Қазақстан Республикасының бір-екі облысында тұрғын үймен қамтамасыз етудің пилоттық жобаларын қаржыландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен.

41. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 60000 мың теңге сомасындағы жалпыреспубликалық маңызы бар жобалау-іздістіру жұмыстарының тізбесін бекітсін.

ЕСКЕРТУ. 41-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен.

42. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен және мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен келісе отырып 1997 жылдың 20 қаңтарына

дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1997 жылға арналған Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламасы жөнінде ұсыныс енгізсін.

43. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі сыртқы қарыздың есебінен, оның шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды тиісті бюджеттерден қоса қаржыландыруды қарастырсын.

ЕСКЕРТУ. 43-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қаулысымен.
4 4

ЕСКЕРТУ. 44-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қаулысымен.

45. Облыстардың және Алматы қаласының бюджеттерінің құрамында халықтың жекелеген санаттарына жеңілдіктер мен өтемақылар ескеріледі деп белгіленсін.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қолданылып жүрген Заңдарға сәйкес жеңілдіктер мен өтемақылар беруді қамтамасыз етсін.

46. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне аударылатын трансферттердің жалпы сомасынан Мырғалымсай кен орнындағы су құю-шырғау және кен орындарын консервациялау мен тарату жобалары жөніндегі жұмыстардың шығыстарын қаржыландыру үшін мақсатты түрде 470000 мың теңге бөлуді қарастырсын.

ЕСКЕРТУ. 46-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.11.04. N 1488
қаулысымен. Р 9 7 1 4 8 8 _

47. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен бірлесіп 1997 жылдың 20 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне конверсиялық жобаларға сәйкес 600000 теңге сомадағы қаржыны бөлу жөнінде ұсыныс енгізсін.

48. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекешелендіру жөніндегі департаменті мемлекеттік меншік объектілеріне аукциондар мен саудаластықтар өткізуге байланысты шығындарын қаржыландыруға пайдаланатын қаражатының шекті мөлшері жекешелендіруден түскен қаржының екі процентінен аспайтын сомада белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 48-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қаулысымен.

49. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың бірінші тоқсанында заңды тұлғалардың арасында орналастырылған 1992 жылғы Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік ішкі займын және 1990 жылғы Қазақ ССР-ның Мемлекеттік 5 проценттік ішкі займын өтеуді, сондай-ақ олар бойынша проценттер төлеуді қамтамасыз етсін.

50. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Акционерлік Халықтың Жинақ Банкіне 1996 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 60 жасқа толған азаматтардың салымдарына өтемақы төлеуге байланысты іс жүзіндегі шығыстарды өтеуге қаржыны 1997 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа бекітілген сомалар шегінде тең үлестерде бөлсін.

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі азаматтардың көрсетілген санаттарының салымдарына өтемақыларды уақтылы төлеуді жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылыққа оның белгіленген нысаны бойынша тоқсан сайын есеп беруді қамтамасыз етсін.

51. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының ұлттық Банкімен келісе отырып, 1997 жылдың аяғына дейін, өткен жылдардың несиелері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің алдындағы мемлекеттік ішкі борышты 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 жыл айналыс мерзімімен мемлекеттік бағалы қағаздарға қайта ресімдеу жүргізісін.

осы бағалы қағаздарды шығару, айналысы және өтеудің тәртібін әзірлесін, сондай-ақ 1998 жылғы және одан кейінгі жылдардағы республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде оларға қызмет етуге және өтеуге қажетті қаржы көздесін.

5 2

ЕСКЕРТУ. 52-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.07.09.

N 1088 қ а у л ы с ы м е н .

53. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1996 жылғы лизингтік қорды қалыптастыру үшін бюджеттен пайдаланылған қаражаттың бір бөлігін 240000 мың теңге мөлшерінде республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етсін;

1997 жылы ауыл шаруашылығы техникасын беруді лизинг жағдайында осы мақсаттар үшін республикалық бюджетте көзделген мемлекеттік несиелік ресурстар шегінде Мемлекеттік ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қорының қаражатын оның ведомствоаралық кеңесі белгіленген мөлшерде тарта отырып, ұйымдастыру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырсын;

мүдделі министрліктермен бірлесіп және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен бір ай мерзім ішінде лизинг жағдайында ауыл шаруашылығы техникасын беруді ұйымдастыруға қаражат бөлудің тәртібін әзірлеп, бекітсін.

54. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментімен, Мемлекеттік

мүлікті және активтерді басқару департаментімен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп ұйымдардың республикалық бюджеттен алған және олардың шетелдік несиелер берушілердің алдындағы міндеттерін орындауға бағытталған қаражатын қайтару жөнінде тиісті шаралар қолданысын.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қ а у л ы с ы м е н .

55. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі және екінші деңгейдегі басқа да банктер түпкі заемшылармен республикалық бюджеттен өздерінің сыртқы міндеттемелерін өтеуге алған қаражатты сөзсіз қайтаруы жөнінде оларға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес көзделген шараларды қолдана отырып, келісімдер жасауды қамтамасыз етсін. Атқарылған жұмыс туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ақпарат беріп отырсын.

56. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті шаруашылық жүргізуші субъектілерінің республикалық бюджет қаражатынан алған, сондай-ақ директивтік несиелерді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдік міндеттемесі бойынша республикаішілік есеп нәтижесі бойынша берілген несиелерді өтеуді қамтамасыз ете алмаған активтерін анықтау жөнінде жедел-іздігі шараларын жүргізісін және ай сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне ақпарат беріп отырсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп шаруашылық жүргізуші субъектілердің көрсетілген борыштық міндеттемелерін өтеуді қамтамасыз ету бойынша шешімдер жобасын әзірлесін және қажет болғанда оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 56-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қ а у л ы с ы м е н .

57. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен мемлекеттік маңызы бар іздігі, іздігі-бағалау және барлау жұмыстарын қаржыландыруға бөлінген қаражатты қайтару тәртібін әзірлесін және бекітсін.

ЕСКЕРТУ. 57 тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қ а у л ы с ы м е н .

58. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін тартылатын сыртқы

қарыздардың уақтылы түсуін қамтамасыз ету мақсатында Үкіметке тиісті органдардың оларды алу үшін шарттарды толық көлемде және белгіленген мерзімде орындауын қамтамасыз ету бойынша іс-қимыл жоспарын енгізсін.

ЕСКЕРТУ. 58-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қ а у л ы с ы м е н .

59. 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелерге тауарлар (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) сатып алу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте жүзеге а с ы р ы л а д ы деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі республикалық бюджеттің қаражаты есебінен тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) мемлекеттік сатып алу құнын төмендету мақсатында тапсырысты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша орналастыруды тек конкурстық негізде ғана жүргізсін, оларды орналастыруды және сатып алуды жүргізуде мемлекеттік тапсырысшылардың қызметін үйлестіруді және бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне жергілікті бюджеттің есебінен тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) сатып алуды қаржыландыру кезінде осы секілді ж ұ м ы с жү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

ЕСКЕРТУ. 59-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088
қ а у л ы с ы м е н .

60. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қоры қаражатын жұмсаудың тәртібін әзірлесін және оны Үкіметтің бекітуіне ұсынсын.

61. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 10 ақпанына дейін тоқсан сайын баспасөзде жариялап тұру үшін республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстары бойынша жинақты көрсеткіштердің тізбесін әзірлеп, бекітсін.

62. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп 1997 жылдың 10 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулымен сәйкестікке келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

63. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен басқа да мемлекеттік органдар 1997 жылдың 10 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қаржылардың белгіленген нысан бойынша айларға шаққандағы бөлінуін тапсырсын.

64. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден республикалық бюджетке түседі деп көзделген қаражатты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті

Жекешелендіру жөніндегі департаментпен бірлесіп бір ай мерзім ішінде 1997 жылы дара жобалар бойынша жекешелендіруге жататын объектілердің тізбесін анықтап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

6 5 . (Қ ұ п и я)

66. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін зейнетақы төлеу жөніндегі борышты өтесін.

67. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 10 шілдесіне дейін республикалық бюджетте әкімшілік шығыстарға арналған қаржылардың шегінде еңбекке ақы төлеу мен іссапар шығыстары қорының министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға шаққандағы лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

68. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі

Қаржы министрлігімен және мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен келісе отырып, 1997 жылдың 12 шілдесіне дейін "Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148

P970148_

қаулысына өзгерістер мен толықтырулар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

ЕСКЕРТУ. 63-тармақ жаңа редакцияда және 64-68-тармақтармен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.07.09. N 1088 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.07.09.
N 1088 қаулысының 1-қосымшасына сәйкес.

P971088_

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1997 жылғы 9 шілдедегі
 N 1088 қаулысына
 1-қосымша

Қазақстан Республикасының 1997 жылға
 арналған республикалық бюджеті

Са.	Сы.	Іш.	Ерек.	Атауы	Сомасы (мың теңге)
на.	ны.	кі	шелі.		
ты	бы	сы.	гі		
	ны.				
	бы				
1	2	3	4	5	6

				1. Кірістер	186668929
1				Салық түсімдері	127656024
1				Кірістерге және капитал өсіміне салы натын табыс салығы	29882045
1				Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	23418185
1				Резидент-заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	20932077
3				Резидент-заңды тұлғалардан алынатын төлем көзінен ұсталатын табыс салығы	2486108
2				Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	6463860
1				Жеке тұлғалардан алынатын төлем көзінен ұсталатын табыс салығы	6463860
4				Меншікке салынатын салықтар	553250
2				Бағалы қағаздармен жасалатын операция. ларға салынатын салық	553250
1				Бағалы қағаздармен жасалатын операция. ларға салынатын салық	553250
5				Тауарларға, қызмет көрсетулер мен жұмыстарға салынатын ішкі салықтар	88900729

1	Қосылған құнға салынатын салық		65580000			
1	Ішкі өндіріс тауарларына және жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын қосылған құн салығы		56090000			
2	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға салынатын қосылған құн салығы		9490000			
2	Акциздер		10412879			
19	Бензин		5996435			
29	Өңделмеген мұнай		4416444			
3	Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		12907850			
5	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын бонустар		2700000			
6	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын роялти		10207850			
6	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар		8320000			
1	Кеден төлемдері		8320000			
1	Импорт баждары		7400000			
9	Басқа да кедендік төлемдер		920000			
2	Салыққа жатпайтын түсімдер		19920707			
1	Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін кірістер		12735382			
2	Заңды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен түсетін салыққа жатпайтын түсімдер		11639529			
2	1	2	3	Мемлекеттік пакет акцияларына жатпайтын дивидендтер түсімі		2200000
6	Республика ішінде берілген қарыздар мен несиелер үшін алынатын проценттер		1044529			
10	"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлем		8395000			
3	Меншіктен алынатын басқа да кірістер		1095853			
4	Шет мемлекеттердің үкіметтеріне мемлекеттік несиелер берілгені үшін алынатын проценттер		1092153			
9	Меншіктен алынатын басқа да кірістер		3700			
2	Әкімшілік алымдар мен төлемдер,		1421800			

		коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	
1		Әкімшілік алымдар	224800
8		Мемлекеттік органдар өндіріп алатын төлем (айыппұлдардан басқа)	7800
10		Басқа да әкімшілік алымдары	217000
3		Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	1197000
1		Мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлем	540000
9		Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	657000
5		Салыққа жатпайтын өзге де түсімдер	5763525
1		Салыққа жатпайтын өзге де түсімдер	5763525
3		Табиғат қорғау қорына түсімдер	507450
9		Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	5256075
3		Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер	39092198
1		Негізгі капиталды сату	30969898
1		Негізгі капиталды сату	30969898
4		Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелен. діруден түсетін түсімдер	30969898
2		Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	8122300
1		Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	8122300
1		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сатудан түскен түсімдер	6122300
2		Астық өткізуден алынатын түсім	2000000
		II. Алынған ресми трансферттер (гранттар)	922000
4		Алынған ресми трансферттер (гранттар)	922000
2		Сыртқы көздерден	922000
1		Сыртқы көздерден	922000
1		Ағымдағы	922000
		III. Шығыстар	228877075
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер	31658625

1	Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар, қаржы және салық-бюджет саясаты, шет мемлекеттерге экономикалық көмек көрсетуді қоспағанда сыртқы экономикалық қызмет		21929765
1	Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар		1652383
101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі		481712
102	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық Басқармасы		808079
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі		327232
637	Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі		35360
2	Қаржы және фискальдық қызмет		14978196
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі		13048789
311	Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті		85000
406	Республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын есептеу комитеті		38272
412	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті		1782773
660	Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия		23362
3	Сыртқы экономикалық қызмет		5299186
204	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі		3939915
208	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі		247170
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі		701194
410	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті		292000
411	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республ.		14507

	касы Мемлекетаралық Кеңесінің атқару комитеті		
	698 Аралды құтқару халықаралық қоры		104400
3	Іргелі зерттеулер	4309657	
	208 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы		4309657
4	Жалпы сипаттағы қызметтер	3122555	
2	Жалпы жоспарлау және статистикалық қызметтер		149546
	228 Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі		121000
	604 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі		28546
3	Жалпы сипаттағы өзге де қызметтер	2973009	
	603 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві		38306
	617 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық архиві		19430
	621 Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы		28062
	646 Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты		16538
	680 Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі		1333128
	694 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы		427892
	696 Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы		1109653
5	Басқа санаттарға жатқызылмаған жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		2296648
	676 Азық-түлік контракт корпорациясы		2000000
